

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІН
«ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҚ» МКҚ
ГККП «МЕТОДИЧЕСКИЙ ЦЕНТР»
АКИМАТА ГОРОДА АСТАНЫ
Шығыс (Исходящий) № 2201
«06» 12 2024 ж./г.

Білім беру ұйымдарының басшыларына

Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК 2024 жылғы жоспарына сай 24 желтоқсан күні сағат 9.00-де қазақтың ұлы тұлғасы Қалқаманұлы Бұқар жыраудың туғанына * 356 жыл толуына орай ұйымдастырылған «Бұқар жырау жырлары – ұрпаққа тағылым» қалалық ғылыми-педагогикалық конференция өткізетінін хабарлайды.

Осыған орай қоса берілген Ақпараттық хатты педагогтердің назарына жеткізуіңізді сұрайды.

Өтетін орны: «№106 орта мектеп» КММ, Сұлтан Бейбарыс көшесі 15.

Қосымша 1п.

Басшы



С. Дауешова

3.Каракеева
87784521044



«БҮҚАР ЖЫРАУ ЖЫРЛАРЫ – ҰРПАҚҚА ТАҒЫЛЫМ» ҚАЛАЛЫҚ ФЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Құрметті әріптер!

2024 жылдың 24 желтоқсан күні қазақтың ұлы жырауы, Абылай ханның ақылшы-біi, абыз Қалқаманұлы Бұқар жыраудың тұғанына 356 жыл толуына орай ұйымдастырылған «Бұқар жырау жырлары – ұрпаққа тағылым» қалалық фылыми-педагогикалық конференциясына қатысуға шақырамыз.

Конференцияның мақсаты мен міндеттері

Ұлы жырау Бұқар Қалқаманұлы шығармаларын кеңінен насаихаттап, өскелен ұрпаққа жеткізу, ұлттық құндылықтарды бала бойына дарытудағы педагогтердің тәжірибесін тарату, жырау мұрасын жандандырудың еңбегін таныстыру, педагогтердің шығармашылық әлеуетін көтеру.

Конференцияны ұйымдастырушылар

Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК, «№106 орта мектеп» КММ.

Конференцияға қатысушылар

Қалалық конференцияға орта білім беру және қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, ЖОО оқытушы-профессорлары, докторанттар, магистрлер, ғалымдар қатыса алады. Қатысушылардың жас мөлшері шектелмейді.

Қатысу тілі: қазақ, орыс тілдерінде.

Откізу форматы: оффлайн

Конференцияның ашылуы: 2024 жылы 24 желтоқсан күні сағат 9.00-де (тіркеу 8.20-8.50) Астана қаласындағы «№106 орта мектеп» КММ-де (Сұлтан Бейбарыс көшесі 15) өтеді.

Конференция бағыттары (секциялар):

Тәрбие секциясы: «Бұқар жырау поэзиясының тәрбиелік мәні»

Фылым секциясы: «Бұқар жырау жырлары – ұрпаққа тағылым»

- Әдебиеттану;
- Тарих;
- Музыка

- Информатика (Бұқар жырау Қалқаманұлының мұраларын жасанды интеллект арқылы өз шығармашылығын ұсыну, көрсету, тәжірибесімен бөлісу).

Караптыруға болатын үлгі тақырыптары:

1. Бұқар жырау шығармаларындағы заман бейнесі
2. Бұқар жырау шығармаларындағы Абылай бейнесі
3. Бұқар шығармаларының көркемдік ерекшелігі
4. Бұқар жырау шығармаларындағы ел бірлігі
5. Бұқар жырау және ұлттық идея
6. Бұқар – өз заманының жыршысы
7. Бұқар – заман сыншысы
8. Бұқар жырау шығармаларының маңызы
9. Бұқар жырау шығармаларын оқытуда жасанды интеллектінің қолдану
10. Бұқар жырау шығармаларының зерттелуі
11. Бұқар жырау жыр-толғаулары
12. Бұқар жырау және қазақ руханияты

Конференцияға қатысу тәртібі

1. Конференцияға ұсынылған мақалалар/баяндамалар авторлық, яғни қатысушының өзі тікелей дайындаған инновациялық педагогикалық тәжірибе нәтижесі бар болуы тиіс. Мақала/баяндама тәжірибелік, әдістемелік сипатта және жалпыға танылған ғылыми дәлелдерге, әдептілік нормалар мен заңнамаға, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, Үлгілік оқу бағдарламаларының талаптарына қайшы келмеуі керек.

2. Конференцияға қатысушы жұмысын (баяндама/мақала) оффлайн форматта еркін түрде (TED форматында) қорғау үшін 4-5 минут беріледі. Қатысушылардың материалдары «Бұқар жырау жырлары – ұрпаққа тағылым» жинағына электронды нұскада жинақталады.

3. Конференцияға қатысу үшін қатысушы негізгі талапқа сай құжаттарды (Сұраныс (1-қосымшаға сай), мақала/баяндама, презентация) көрсетілген электронды мекенжайға (z.karakeeva@astana-modern.edu.kz) 2024 жылдың 19 желтоқсанынан дейін жіберу керек.

4. Ұйымдастырушылар көрсетілген талаптарға сәйкес келмейтін, плагиатқа тексеру барысында авторлық құқықты бұзған жұмыстарды қабылдамайтынын және кері қайтармайтынын ескертеді:

5. Барлық сұрақтар бойынша конференцияны ұйымдастырушылардың ұялы телефонына хабарласа аласыздар: Каракеева Закира Курманбековна, Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МҚҚҚ әдіскері, 8 778 452 1044; Еспаганбетова Куралай Щорсовна, №106 орта мектеп директорының бейіндік оқыту орынбасары, 8 771 216 4510.

Мақала жазуына қойылатын талаптар:

- жаңашылдық және өзіндік ерекшелігі (жаңа идея, технология, әдіс- тәсіл немесе біреудің авторлық идеясын кеңейтудің, апробациядан өткізу дін, оның әдісі мен технологиясы тиімділігінің дәлеліндегі жаңа нұсқа ұсынылады);
- өзектілік (нәтижелердің маңызды ғылыми және практикалық мәселелерді шешуге жарамды болу мүмкіндігі);

- тәжірибелік (мақалада тәжірибелік іс-әрекетті көрсету, мақалада тәжірибе алмасу тәсілдерінің болуы);
- әдіскерлік (мақаладағы ұсыныстардың санымен және пайдалылығымен анықталады);
- дәлелдемелік (дәйексөздердің сенімділігімен, тұжырымдардың дәлелділігімен, статистикалық нәтижелердің болуымен және оларды интерпретациялаудың дәйектілігімен анықталады).

Материалдарды баспаға ресімдеуге қойылатын талаптар:

Баяндама (мақала) мәтіні 3 парапттан аспауы керек және тіркеу формасы MS Word мәтіндік редакторы бойынша жазылуы керек:

- Параптардың параметрлері: жоғары – 2 см., төменгі -2 см., сол жағы- 2,5 см., оң жағы-1,5 см.

- Шрифт: Times New Roman, кегл – 14

- Жол аралық : 1 интервалмен

- Жаңа жол: 0,9 см.

• Бір жолдан кейін-ортасынан баяндама тақырыбы (бас әріптермен, қою шрифтпен) жазылып, төменгі жағына орындаушының аты-жөні бас әріптермен, мекеменің атауымен қоса беріледі. Библиографиялық тізім мақаланың соңында алфавиттік ретпен беріледі.

Презентацияға қойылатын талаптар:

I. Жалпы:

1. Презентацияны тым көп ақпаратпен толтырмаған абзал. Ең маңызды ақпарат слайдтың ортасына орналастырылғаны дұрыс. Негізгі ақпарат тезис, негізгі фразалар және графикалық ақпараттар (сызбалар, графиктер, суреттер және т.б.) түрінде болуы керек.

2. Презентациядағы ақпарат қысқа және түсінікті болуы шарт.

3. Презентация саны 7-10-нан аспауы керек.

4. Презентация көрермендерге сіздің ойыңызды, сөзіңізді толықтыруышы, бағыт-бағдар беруші, тақырыбыңызды ашып түсіндіруші, сілтеп көрсетуші рөлінде болуын қадағалаңыз.

5. Презентациялардың эстетикалық тартымдылығына мән беріңіз.

II. Презентациялардың орналасу реті:

1. Әр презентация мәнді, тақырыпқа сай болуы шарт (титул, мақсаты мен міндеттері, негізгі ақпарат, қорытынды)

2. Титул беті (тақырып, ұйым, жұмыс атауы, авторы, ұйымдастыруышы ұйымдардың логотипі).

3. Кіріспе бөлім: 1 немесе 2 презентациядан тұрады (жұмыстың мақсаты мен міндеттері ашылуы, ойтұрткі, т.б.).

4. Негізгі бөлім: 3 немесе 4 презентация (негізгі ақпарат, тақырыптың ашылуы, ғылыми зерттеу, ой салу, тәжірибе көрсету, әдіс-тәсіл, т.б.).

5. Қорытынды бөлім (негізгі қорытынды түйінді ой).

Назарда ұстанызы: сізді модератор тараپынан көпшілікке таныстыратындықтан, өзіңіз туралы мәліметті қайтalamаған дұрыс. Сұрақтар барлық спикерлер сөйлегеннен кейін қойылады және талқыланады.

Конференция тақырыбы мен баяндама рәсімдеудің талаптарына сәйкес келмейтін, сонымен қатар көрсетілген уақыттан кейін жіберілген материалдар үйымдастырушылардың шешімімен жинаққа енгізілмейді.

Корытындысы:

Конференцияның қорытындысы бойынша тындаушылар мен спикерлер Әдістемелік орталықтың атынан қатысқаны және тәжірибесін таратқаны үшін Сертификатпен марапатталады. Сертификаттардың электронды нұсқасы жіберіледі. Конференция материалдары PDF форматында Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МҚҚК <https://astana-modern.edu.kz/> сайтында жарияланады.

Астана қаласы әкімдігінің
«Әдістемелік орталығы» МКҚК
басшысы С. Дауешоваға
(ұйым атауы, ұйымның
басшысынан)

Сұраныс

«Бұқар жырау жырлары – ұрпаққа тағылым» атты қалалық
ғылыми-педагогикалық конференциясына қатысуға рұқсат етуіңзі
сұраймын.

Қатысушының аты-жөні	тегі,
Лауазымы, пәні	
Білім беру мекеменің атауы	
Секция бағыттары	
Баяндаманың тақырыбы	
Ұялы телефоны, e-mail,	